көшірме

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 26 шілде іс № 5501-23-00-2/1747 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Амергалиев» Амергалиев Ермұрат Қайратұлы

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АІЖК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

«Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Амергалиев» Амергалиев Ермұрат Қайратұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Амергалиев» Амергалиев Ермұрат Қайратұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Амергалиев» Амергалиев Ермұрат Қайратұлынан мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті

дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Көшірме дұрыс:
Судья **А. Сләм**

Документ подписан: Сләм А. С., 26.07.2023

Дата регистрации в закончил силу: 02.10.2023 Судья Сләм А. С. 03.10.2023